

[HTTPS://WWW.YOUTUBE.COM
/WATCH?V=XRYWZBLH6AQ](https://www.youtube.com/watch?v=xrywzblh6aQ)

**ФИЛЬМ КІМ ТУРАЛЫ?
ҚЫЗ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?**

ҚЫЗЫМ-ЖАҒАДАҒЫ ҚҰНДЫЗЫМ – 29 БЕТ



ЖАҢА СӨЗДЕР

- Қыз – жат жұрттық - дочь принадлежит другому дому
- Ибалы - деликатный; учтивый; почтительный
- Жасөспірім – подросток
- Ізетті - вежливый; воспитанный
- Дөрекі – не выражаться грубо
- Ұқыпты – бережливый, аккуратный
- Қызға қырық үйден тыйым салу - девушка получает запреты от сорока дворов (*букв. куда бы ни пошла*)
- *Жеңгесі – сноха*
- *Қылықты – привлекательная , с хорошими манерами*

МӘТІНДІ ОҚЫ.

Қазақ халқы: «Қыз жат жұртық», — деп, қыздарын ерекше құрметтеген.

Қыздың абыройын жоғары бағалап, «оның ибалы болуына анасы жауапты» деп санаған. Өсіп келе жатқан жасөспірім қыздың бойында ізетті болу, әсем киіну, әкесін күту, анасын сыйлау, дөрекі сөйлемей, қабақ шытпай жүру, үлкеннің алдынан кесіп өтпеу, ұқыпты болу, өсек айтпау, бала тәрбиесін білу, ұлттық дәстүрлерді сақтау, ана тілін құрметтеу тәрізді қасиеттер болуы керек. Болашақта басқа үйге келін болып баратынын да назарда ұстап, үй тіршілігіне қажетті жұмыстарды үйреткен (Ә. Табылдиев).

Қазақ халқы ұл баламен бірге қыздың тәрбиесіне де ерекше мән берген.

Қыз баланың ары мен абыройын, сыры мен сымбатын сақтауға көп көңіл бөліп, «Бір ұл тәрбиелесең — бір әулетті тәрбиелегенің, бір қыз тәрбиелесең — бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген қағиданы ұстанған. Қазақ халқы: «Қыз баланың қадір-қасиеті мен қылығы ұлттың ұлылығын танытады», — деп есептеген. Ізетті, сыпайы, мейірімді әрі өнерлі болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркіне жібермеген. «Қызға қырық үйден тыю», — деп, әр басқан қадамын бақылап отырған. Қызды жалғыз жібермеген, оның жанында жеңгесі қоса жүрген («Айқын» газетінен).

МӘТІН БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДА

- 1. Мәтінге тақырып қой
- 2. Мәтіндегі асты сызылған сөздер қандай сұраққа жауап береді?
- 3. Жоспар құр *Кіріспе бөлім. Негізгі бөлім. Қорытынды бөлім.*
- 4. Мәтіннен маңызды сөйлемдерді жаз.
- 5. Мәтін бойынша 2 сұрақ құрастыр